ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

6D020900 - ШЫҒЫСТАНУ мамандығы бойынша

ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

*** * ***

ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА ДИСЦИПЛИН

по специальности 6D020900 - ВОСТОКОВЕДЕНИЕ

Алматы 2017

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

6D020900 - ШЫҒЫСТАНУ мамандығы бойынша

ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

*** * ***

ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА ДИСЦИПЛИН

по специальности 6D020900 - ВОСТОКОВЕДЕНИЕ

Алматы 2017

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде **ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН.**

2. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министірінің 2016 жылғы 05 шілдедегі №425 бұйрығы негізінде бекітілген типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген.

3. Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымындағы №2 мәжіліс хаттамасының шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің рұқсатынсыз осы типтік бағдарламаларын көбейтуге және таратуға болмайды.

1. **РАЗРАБОТАНА и ВНЕСЕНА** Казахским национальным университетом им. аль-Фараби.

2. Типовая учебная программа разработана в соответствии с типовым учебным планом, утвержденным приказом МОН РК от 05 июля 2016 года №425.

3. **УТВЕРЖДЕНА** протокольным решением №2 заседания Республиканского учебно-методического совета высшего и послевузовского образования от 30 июня 2016 года.

Настоящая типовая учебная программа не может быть тиражирована и распространена без разрешения Министерства образования и науки Республики Казахстан

@ КазНУ аль-Фараби, 2017

KZShIMT 7101 ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ШЫҒЫСТАНУДЫҢ ІРГЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

Көлемі - 3 кредит

(ғылыми және педагогикалық бағыт)

Авторлар:
Надирова Г.Е. – филология ғылымдарының докторы, таяу, орта шығыс және оңтүстік азия кафедрасының профессоры
Қалиева Ш.С. – филология ғылымдарының кандидаты, таяу, орта шығыс және оңтүстік азия кафедрасының доценті

Рецензенттер:
Дербісәлі Ә.Б. – филология ғылымдарының докторы, ҚР ҒА Сүлейменов Р.Б. атындағы шығыстану институтының директоры, профессор
Сейтметова Ж.Р. – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетінің таяу, орта шығыс және оңтүстік азия кафедрасының доценті

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Қазіргі заманғы шығыстану ғылымының іргелі мәселелері және тұжырымдамалары» курсы (PhD) бағдарламасының 6D020900 Шығыстану мамандығы бойынша кадрлар дайындауда негізгі пән болып саналады.

Пәннің мазмұны мен қағидаларын меңгеру Шығыс елдеріндегі қазіргі заманғы тарихи үдерістердің түрлері мен сипатын, сондай-ақ шығыс өркениеттерінің дәстүршілдігі мен жаңашылдығының ерекшеліктерін алдын-ала оқып-меңгеруді қажет етеді.

Шығыстану ғылымы алғаш пайда болған кезеңде нақты Шығыс елдерін зерттеген көрнекі ғалымдардың беделіне сүйенді. XIX ғ. соңы XX ғ. басында ұлттық шығыстану орталықтары мен мектептері пайда бола бастады. Елтанулық бағытта жүргізілген шығыстану зерттеулермен қатар Азия және Африка елдері жайлы лингвистикалық, әдебиеттанулық, тарихи, этнографиялық, экономикалық, әлеуметтанулық және басқа да білімдердің берік ықпалдастығы пайда болды.

Қазіргі заманғы шығыстану пәнаралық ғылым, ол азия-африка ареалындағы қоғам әрекетінің туынды формалары мен әлеуметтік үлгілерінің, шығармашылық қызметі мен дамуының деңгейлерін барынша кең ауқымда зерттеуді міндет етіп қояды, олардың әлеуметтік, мәдени таралуын жаһандық дәуірдегі мәдениеттер мен өркениеттердің өзара ықпалдасығының ғылыми парадигмасы аясында қарастырады.

Пәнді оқу барысында докторанттар:

- қазіргі заманғы шығыстану ғылымының бағдарлары;

- қазіргі заманғы шығыстану ғылымының іргелі мәселелерінің негізгі мәні, сипаты және ерекшеліктері;
- шығыс қоғамындағы әлемді жүйелеуші талдаудың, жаһанданудың, жаңа сипат берудің тұжырымдары жайлы **білім;**
- шығыс елдерінде туып, дамып жатқан үдерістерді бүкіләлемдік өркениеттермен байланыстыра бағалау және салыстыру **машығын;**
- қазіргі заманғы шығыстану ғылымының іргелі мәселелері мен тұжырымдамаларын отандық және шетелдік материалдар негізінде талдау **дағдысын** алуы тиіс.

Постреквизиттері: «6D020900-Шығыстану» бағдарламасының оқужоспарына сәйкес барлық элективті пәндер кешені.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырып атауы
1	Пәннің негізгі ұғымдары мен шектері.
2	Шығыс өркениеттері пәнаралық ғылым – шығыстанудың нысаны ретінде.
3	Лингвистикалық компаративистика.
4	Философиялық компаративистика.
5	Әлеуметтану және шығыстану.
6	Мәдениеттану және шығыстану.
7	Шығысты жаһандану тұрғысынан түсіндіру. "Шығыс-Батыс" ұғымы.
8	Шығыстану парадигмасы. Шығыстану және ғаламтану.
9	Ықпалдасу. Өркениеттік теория.
10	Өркениеттер арасындағы диахронды және синхронды байланыстар.
11	Шығыстағы өркениетаралық ықпалдасу проблемалары.
12	Капитализм және қазіргі шығыс қоғамындағы проблемалар.
13	Европоцентризм және шығыстанудағы ұлттық тұжырымдамалар.
14	Шығыстағы модернизация.
15	Шығыстану ғылымындағы зерттеулер және қазіргі заманғы технологиялар.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

«Қазіргі заманғы шығыстанудың іргелі мәселелері және тұжырымдамалары» курсы пәнаралық ғылымның мазмұнында қазіргі заманғы шығыстану ғылымының іргелі мәселелері мен тұжырымдамалары жөнінде жан-жақты мағлұмат береді.

Әлемде жүріп жатқан оқиғалар ағымына сай шығыстану ғылымының жаңа қырларына, іргелі мәселелердің мазмұны мен сипатына, сондай-ақ ғылымда қолданылуға енгізілген жаңа зерттеу әдістеріне ерекше мән беріледі.

(PhD) бағдарламасы бойынша 6D020900 Шығыстану мамандығына кадрлар дайындау аталған бағдарламаны бітірушілерден олардың қазіргі заманғы отандық және шетелдік шығыстану ғылымының іргелі мәселелері мен тұжырымдамалары жайында толық білімінің болуын қажет етеді, бұл олардың біліктілігін, бәсекеге қабіллеттілігін және дайындық дәрежесін арттырады. Пән Шығысты зерттеуде әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың көптеген тұжырымдарының маңыздылығын анық көрсетеді.

Пәннің мақсаты – докторанттарды отандық және шетелдік ғылымдағы шығыстанудың іргелі проблемалары мен қазіргі заманғы тұжырымдамаларымен таныстыру, бұл болашақ зерттеушілердің біліктілігінің, бәсекеге қабілеттілігінің және дайындығының деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Курстың міндеттері:

- шығыстанушы-докторанттардың зерттеу қызметіне қажет теориялық базасын қалыптастыру;
- шығыстану ғылымының негізгі теориялық қағидаларын, тұжырымдамаларын, проблемаларын жүйелеу;
- шығыстану ғылымының қазіргі заманғы дамуы мен ахуалы, шығыстану мен оның негізгі теорияларының негізгі ғылыми бағыттары және өзгермелі сипаты жайлы айқын түсінік қалыптастыру;
- ғылыми талдау жасау дағдыларын қалыптастыру.

Курстың пәні болып шығыстанудың тұжырымдары мен теориялары саналады.

Шығыс елдері бойынша материалдар **пәннің нысаны** болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Пәннің негізгі ұғымдары және шектері

Шығыстану классикалық ғылым ретінде. «Қазіргі заманғы шығыстану» ұғымы. Қазіргі заманғы шығыстану ғылымының хронологиялық шектері мен географиясы.

XX ғ. соңы–XXI ғ. бас. шығыстанулық зерттеулердің жаңа сипаты – саясаттанулық және халықаралық салалардың тереңдеуі. «Шығыстанулық» аймақтану. Зерттеу әдістері, салалары және нысандарының кеңеюі.

Шығыс өркениеттері пәнаралық ғылым - шығыстанудың нысаны ретінде

Өркениеттер типологиясы. Өркениет және мәдениет. Өркениеттің шығыстық үлгісі. Дәстүрлі шығыс өркениеттері. Үндістан. Қытай. Жапония. Араб-мұсылман өркениеті. Батыс және Шығыс ойшылдарының, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар өкілдерінің өркениеттік теориялары. Қазіргі

Азия және Африка елдерінің дамуындағы өркениеттік негіздің ролі. Шығыс қоғамының рухани және материалдық салаларындағы өркениет факторы.

Лингвистикалық компаративистика

Компаративтің морфологиялық сипаттамасы. «Позитив- компаратив», «экватив - компаратив» қарама-қарсы түсініктері. Компаративтіліктің функционалды-семантикалық аймағындағы компаратив микроаймағы.

Компаративтің микроаймағының орталық және шеткері құрамдас бөліктері. Компаратив синтаксисі. Компаративтердің семантикалық өзіндік ерекшелігі. Компаративті синтастиктік оралымдардың құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері. Компаративпен келген құрамдас инфинитив.

Философиялық компаративистика

Компаративті философияның тууы: XIX-XX ғ. басындағы «батыс-шығыс» компаративистикасы. Европа ғалымдарының Шығысқа қызығушылық танытуы және «батыстық-шығыстық» компаративистиканың дамуы. XIX ғасырдағы гуманитарлық пәндердің компаративистикасы. Философиялық компаративистикадағы экзистенциалды идеялар және «гавай компаративистикасы». П.Т.Раджудің салыстырмалы философиясындағы антропологиялық бетбұрыс. Қазіргі заманғы компаративистиканың күрделі мәселелері және қазіргі заманғы тарихи-философиялық шығыстану ғылымындағы методологиялық ұстанымдар.

«Философия» ұғымын және философиялық компаративистиканың пәндік мәнін анықтау проблемасы. «Батыс және шығыс» философиясын ажырату, сана проблемасы және философиялық компаративистикадағы «сыртқы және ішкі» себеп проблемасы. Философиялық дәстүрлердің тұжырымдамалық салыстырмасы: «сыртқы және ішкі» себептерді айқындау.

Әлеуметтанулық шығыстану

Саясаттың әлеуметтанулық сипатын зерттеу проблемаларының қалыптасуы және негізгі бағыттарының таралуы, пәннің дифференциациясы және оның «көлденеңінен» дамуы; зерттеу бағыттарының – мемлекеттік билік және Шығыс елдеріндегі саяси институттар әлеуметтануының қалыптасуы; саяси өзгерістердің (дағдарыстар мен қақтығыстардың, төңкерістер мен реформалардың) және халықаралық қатынастардың (соғыс және бейбітшілік), сондай-ақ шығыстану ғылымындағы саяси-әлеметтанулық зерттеулердің сапалық және сандық әдістердің дайындалуы.

Мәдениеттанулық шығыстану

Кроссмәдени зерттеулер. Шығыс халықтары кәсіптерінің негізгі салалары біртұтас мәдени-тарихи типтің көрінісі ретінде. Шығыс мәдениетін зерттеуге романтикалық көзқарас, Шығыс пен Батыс мәдениеттері синтезінің концепциясы. Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің бір-біріне әсерінің тұжырымдамасы: мәдениеттер сұхбаты және шығыс мәдениетінің батыс

мәдениетіне ықпал ету қаупі. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің стратегиялық мәдениеттанулық жобалары.

Шығысқа жаһандану тұрғысынан түсінік беру

Жаһандану контексіндегі және үдерісіндегі «Шығыс-Батыс» дихотомды ұғымы.

Шығыс туралы түсініктегі универсалдылық және антиуниверсалдылық.

«Шығыс-Батыс» контекстіндегі жаһандану және жаһандануға қарсылық.

Шығыстанулық парадигма. Шығыстану және жаһандану

Ориенталистика және ориентализм. Шығыстың батыстық тұжырымдамасы. Ағылшындық шығыстану үдерісі, көне шығыстық өркениеттердің: месопатамиялық археология, ассириология, египтология ғылымдары тарихнамасының жүйелі зерттеулері. Шоғырланған өркениеттер жайлы А.Тойнби тұжырымдамасы. О.Веггель ілімі бойынша шығыстану парадигмасы мен холизм.

Азиялық құндылықтар және ХВҚ жақтастарының қазіргі заманғы қолдаушылары. Дәстүршілдік және модернизация ілімдері. Шығыс-Батыс: жаһандық өзара ықпалдың болашағы. Шығыс елдеріндегі өркениеттік дамудың идеологиялық болашағы мен негізгі үлгілері проблемалары. Ұлтшылдық. Қазіргі заманғы Шығыс: қалыптасудың басты үлгілері және мүмкіндіктері. Қалыптасудың жапондық, үнділік және африкалық үлгілері.

Ықпалдасу. Өркениеттік теория

Ықпалдасу ұғымы, типтері және түрлері (жаһандық және аймақтық, вертикалды және горизонталды). Ықпалдасу және ықпалдаспау. «Батыстық ықпалдасу» және «шығыстық ықпалдасу». Ерекшеліктері, ұқсастықтары және айырмашылықтары. Шығыстанушылар еңбектеріндегі Шығыс елдері дамуының экономикалық, саяси, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-діни қырлары.

Өркениет теориясының қалыптасуы. Өркениеттер теориясының негізін салушылар (Н.Данилевский, О.Шпенглер, П.Сорокин, А.Тойнби және т.б.). Өркениеттер теориясының негізін салушылар тұжырымдамалары. Н.Данилевский тұжырымдамасының негізгі қағидалары. О.Шпенглер тұжырымдамасының негізгі қағидалары. А.Тойнби тұжырымдамасының негізгі қағидалары. Батыс және Шығыс мәдениеттерін өзара салыстыру. И.Балашов. Батыс пен Шығыстық қайта өрлеу түрлерін салғастыру.

Өркениеттер арасындағы диахронды және синхронды байланыстар

Г.Э. фон Грюнебаум. Өркениет және мәдени классиканың тұжырымдамасы. Жаһандық өзгерістер жағдайындағы өркениеттер арасындағы диахронды және синхронды байланыстарды анықтайтын өзара әсер ету механизмдерінің трансформациялары.

Мәдениеттердің бір-біріне өтуі, олардың диффузиясы мен синтезі, олардың оппоненттер мен арандатушылар арасындағы мағыналық қарама-қарсылықтағы өзара күресі, әлем мәдениеттерінің әмбебаптану, кейінгі замандарда біртұтас әлемдік мәдениетке айналу, бірігу мүмкіндіктері.

Шығыстық өркениетаралық ықпалдасудың проблемалары
Мәдени дәстүрлердің ықпалдасуының әлеуеті мен болашағының зияткерлік ұстанымдары. Өркениетаралық өзара ықпалдасудың проблемалары, олардың негізгі механизмдері, талдау аппараты, мәселенің тарихи материалы. Жаһандану дәуіріндегі өркениетаралық өзара ықпалдасудың мәні мен ерекшелігі.

Әлемдік тарих ғылымындағы Шығыс елдері тарихының іргелі түсіндірмесі. К.Г.Юнг Шығыс пен Батыстың мәдени дәстүрлерінің ықпалдасуының болашағы жайлы.

Капитализм және қазіргі заманғы шығыс қоғамының проблемалары

Шығыс қоғамындағы капитализмнің әлемдік жүйелеу тұрғысынан талдауының, жаһанданудың, эндогендік пайда болуының құрамдас элементтерінің тұжырымдамалары. Шығыс елдеріндегі капитализмнің тууын зерттеу.

Шығыс елдеріндегі капитализмнің даму ерекшеліктері. «Социалистік бағдар» құбылысы. Шығыс қоғамының әлеуметтік-таптық құрылымының қалыптасуы. Дамушы елдердің сыртқы саясатындағы проблемалар. Дамушы елдер қатынасындағы шекара проблемасы.

Европоцентризм және шығыстану ғылымындағы ұлттық тұжырымдамалар

Европоцентризм – қалыптасқан ғылыми бағыт және саяси идеология.

Шығыстану саласындағы ғылыми зерттеулердегі батыстық ұстанымды сынау. Э.Саид батыстық шығыстану ғылымы жайында.

Шығыстағы модернизация қоғамды әлеуметтік тұрғыда өзгерту тәсілі ретінде. Аралас тұжырымдамалар.

Жаңа тұжырымдамалар мен теориялар. Фукуяманың «Тарихтың соңы» еңбегі. Хантингтонның өркениеттер қақтығысы жайлы көзқарасы. Карвальоның исламның жаңғыруы жайлы теориясы.

Шығыстағы модернизация

Шығыстағы модернизация қоғамның әлеуметтік трансформациясы ретінде. Жасанды тұжырымдамалар. Шығыс елдеріндегі қазіргі заманғы саяси және әлеуметтік қақтығыстар, қозғалыстар.

Шығыс қоғамы дамуының жаңа экономикалық үлгілері. Дәстүрлер мен инновациялық даму симбиозы жаңа діни қозғалыстар мен топтар. Аймақтық одақтар мен ұйымдар.

Шығыстану және қазіргі заманғы технологиялар

XXI ғ. шығыстану. Шет елдерде – Европа мен Америкада шығыстану ғылымының дамуындағы жаңа кезең. Шығыс елдері ғалымдарының еңбектері. Шығыстану ғылымының жаңа заманға сай ұстанымдарының нығаюы.

Қазіргі заманғы технологиялар және шығыстану ғылымы. Шығыстану ғылымындағы зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау. Шығыстану ғылымындағы компьютерлендіру, интерактивті зерттеу әдістері.

Ресей мен Қазақстандық практикалық, академиялық және университеттік (дәстүрлі) шығыстану. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы. Алғашқы нәтижелер, жаңа бағыттар және болашақ жоспарлар.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІНІҢ ТІЗБЕСІ

1. Шығыстанудың зерттеу нысандары.
2. Компаративтің морфологиялық сипаттамасы және синтаксисі.
3. Салыстырмалы философия: XIX- XX басындағы «батыстық-шығыстық» компаративистика.
4. Шығыс елдеріндегі мемлекет билігінің әлеуметтануы және институттары.
5. Мәдениеттанулық шығыстану мәселелері.
6. Жаһандану контексіндегі "Шығыс-Батыс" дихотомды ұғымы.
7. Ориенталистика және ориентализм. Шығыс жайлы батыстық тұжырымдар.
8. Өркениет теориясының негізгі қағидалары.
9. Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің салыстырмалы ұқсастығы.
10. Жаһандану дәуіріндегі өркениетаралық байланыстардың мәні мен ерекшеліктері.
11. Шығыс қоғамындағы капитализмнің эндогендік генезисінің құрамдас бөлімдері, жүйелік анализ, жаһандану.
12. Шығыстанудағы европоцентризм.
13. Шығыстанудағы ұлттық тұжырымдар.
14. Шығыстану дамуындағы жаңа кезең.
15. Қазақстандық шығыстанудың проблемалары.

СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІНІҢ ТІЗБЕСІ

1. Шығыс өркениеттерінің типтері.
2. XX ғ. -XX ғ. басындағы шығыстанулық зерттеулердің саясаттанулық қыры.
3. XX ғ. 20-60-жылдарындағы философиялық компаративистика.
4. «Шығыстанудағы саяси-әлеуметтанулық зерттеулердің сапалық және сандық әдістері.

5. «Шығыс-Батыс» контексіндегі жаһандану және жаһандануға қарсылық
6. А.Тойнбидің жергілікті өркениеттер жайлы тұжырымдамасы.
7. О. Веггельдің ориенталистік парадигмасы және холизм.
8. Ориенталистік зерттеулердегі батысцентризмін сынау.
9. Шығыс қоғамдарының аймақ ішіндегі жүйесі.
10. Шығыс елдерінің демографиялық даму динамикасы.
11. Жаңа діни қозғалыстар мен топтар.
12. Әлеуметтік-бағытталған экономикалы елдердегі әлеуметтік келісім.
13. Н.Данилевскийдің өркениет тұжырымдамасының негізгі қағидалары.
14. Аймақтық ықпалдасудың түрлері.
15. Шығыс қоғамын демократияландыру процестері.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІНІҢ ТІЗБЕСІ

1. Аймақтық одақтар мен ұйымдар. Новые экономические модели
2. Дамушы елдердің қатынасындағы шекара проблемасы.
3. Азия елдерінің постиндустриалды дамуы.
4. Мәдениеттердің өзара әсері феномені.
5. Шығыс елдеріндегі өркениеттік даму үлгілері мен идеологиялық доминанттарының проблемалары.
6. Ұлтшылдық.
7. Аймақтық қақтығыстар және оларды шешу жолдары.
8. Философиялық компаративистиканың Санкт-Петербургтік мектебінің негізгі идеялары.
9. Шығыс елдеріндегі ішкі миграция.
10. Шығыс елдерінен сыртқа миграция жасау.
11. Шығыс елдеріндегі мемлекеттік билік пен саяси институттардың әлеуметтануы.
12. Халықаралық қатынастардың саяси өзгерісі және әлеуметтануы.
13. Компаративтік философияның методологиясы.
14. Философиялық дәстүрлерді түбегейлі салыстыру: «сыртқы мен ішкіні» ажырату.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Концепции современного востоковедения. СПб.: КАРО, 2013. Ответственный редактор: Е. И. Зеленев, В. Касевич
2. Бартольд В. В. Работы по истории востоковедения. Сочинения. - М.: Восточная литература РАН, 2003. Т. 3.

3. Коротаев А.В., Халтурина Д.А. Современные тенденции мирового развития.-М: Либроком.2009.
4. Микульский.Д.В. Труды института практического востоковедения. М.: Восточная литература РАН, 2009.
5. Многоликая глобализация. Под редакцией П.Бергера, С.Хантингтона.- М.: «Аспект-Пресс». 2004.
6. http://vostokoved.cv.ua
7. http://www.gumer.info/bibliotek_Buks

Қосымша:

1. Бартольд В. В. Работы по исторической географии. Сочинения. - М.: Восточная литература РАН, 2002. Т.5.
2. Байдаков М. «Интеграция: Восток идет навстречу Западу» // «Власть». Институт социологии РАН. - М., 2006.
3. Бухарин. Аравия, Восточная Африка Средиземноморье. Торговые и историко-культурные связи. - М.: Восточная литература РАН, 2009.
4. Восток-Запад. Региональные подсистемы и региональные проблемы международных отношений. - М., 2002.
5. Жизнь и труд посвятившие Корее: Российские корееведы 2-й половины XX века. - М., 2004. Т. 1.
6. История и культура Востока Азии // Материалы международ. науч. конф. (г. Новосибирск, 9–11 декабря 2002 г.).
7. Кляшторный С.Г. и др. СССР - Турция: от нормализации отношений до новой холодной войны (1960-1979 гг.). - М.: Восточная литература РАН, 2009.
8. Концевич Л. Р. Российское корееведение на современном этапе // Российское корееведение. - М.: Муравей, 2003. Вып. 3.
9. Коротаев А.В. Долгосрочная политико-демографическая динамика Египта. - М.: Восточная литература. 2006.
10. Мясников.В.С. Народы Евразии. Проблема межцивилизационных контактов. - М.: Восточная литература РАН, 2009.
11. Степанянц. М.Т. Мир Востока. Прошлое, настоящее, будущее. - М.: Восточная литература РАН, 2009.
12. Тойнби А.Д. Исследование истории. В 3-х т. - СПб. 2006.
13. Шумовский Т.А. Свет с Востока. - Москва-СПб. «Диля». 2009.
Чугров С.В. Япония в поисках новой идентичности. - М.: Восточная

KZShTN 7201 ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ШЫҒЫСТАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

(бейіндік бағыт)

Көлемі – 3 кредит

Авторы:
Сапанов С.Ж. – тарих ғылымдарының докторы, шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының профессоры

Рецензентер:
Дербісәлі Ә.Б. – филология ғылымдарының докторы, ҚР ҒА Сүлейменов Р.Б. атындағы шығыстану институтының директоры, профессор
Алдабек Н.А. - тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының профессоры

ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

«Қазіргі заманғы шығыстанудың теориялық негіздері» пәні (PhD) 6D020900 - Шығыстану мамандығы бойынша мамандар дайындаудағы негізгі пән болып саналады.

Пәннің негізгі мазмұны мен мәні Шығыс елдеріндегі тарихи үрдістер, дәстүрлі даму және модернизациялық үрдістердің теориялық мәселелерін зерттеулерге арналған.

Соңғы кездері шығыстану мамандары өз зерттеулерін негізінен өркениетті даму, қоғамдағы діни- мәдени факторлардың эволюциясына арнауда, дегенменде шығыс елдеріндегі тарихи үрдістердің теориялық жағынан негізделуі әліде болса өз орнын тапқан жоқ. Бірінші орында әлеуметтік – экономикалық факторларды сараптау қалып отыр.

Қазіргі шығыстану ғылымы – тарихи үрдістерді теориялық жағынан сараптауды, әлеуметтік негізделген модельдерді кең көлемде зерттеуді алға қоюда. Сонымен бірге азия және африка кеңістігіндегі социумның даму деңгейін ғылыми парадигмалар негізін қарастыруда.

Қазіргі шығыстану - пәнаралық ғылым болып қалыптасуда.

Осы мақсаттарға жету үшін докторанттардың алдында, шығыс тілін меңгеру мен қатар шығыстану мәселелерінің теориялық негніздерін иегеру тұр. Докторанттардың осыған сәйкес **білуге қажеттіліктері:**

-қазіргі шығыстану мәселелерін талдау, фундаменталды проблемалардың мәнін;

-қазіргі зерттеу әдістерін білу керек.

Кәсібилігі – жаңа әлемдік тәртіп кезіндегі шығыс елдеріндегі үрдістерге теориялық сараптама жасай білу;

Машықтығы – отандық және шет елдік шығыстанудың негізінде фундаменталды проблемаларды теориялық зерделеу.

Постреквизиттер: 6D020900 – Шығыстану мамандығы бойынша элективтік пәндер жиынтығы.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырып атауы
1	Кіріспе
2	Қазіргі шығыстану және Батыстың геосаяси теориялары мен мектептері.
3	Шығыс пен Батыс қарама – қарсылығындағы геосаяси факторлар.
4	Шығыстағы тарихи үрдістер және идеологиялық стереотиптер мәселелері.
5	Қазіргі кездегі Шығыс жүйесіне қызығушылық және жеке тұлға теориясы.
6	Қазіргі шығыстанудағы мәселелерді концептуалды шешу жолдары.
7	Қазіргі геосаясат теориясындағы Шығыс пен Батыс.
8	Аймақтық қақтығыстар теориясы және Шығыс елдеріндегі халықаралық қатынастар.
9	Ислам және шығыстанудағы ұлттық концепциялар.
10	Ислам и Европа мұсылмандар: қақтығыстың құқықтық, мәдени және саяси негіздер.
11	Қазіргі шығыстанудағы араб әлеміндегі халықаралық және аймақтық мәселелердің теориялық және практикаклық негіздері.
12	Африканистика – Шығыстанудың ғылыми саласы ретінде.
13	Жаһандану теориясы және Шығыстың жаһандануы.
14	Орталық Азия және шығыстық өркениеттік интеграция теориясы.
15	Отандық шығыстану ғылымының дамуы мәселелері.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

«Қазіргі заманғы шығыстанудың теориялық негіздері» - пәні шығыстану ғылымының фундаментальды проблемаларының теориялық негіздеріне арналған. Пән негізін - шығыстанудағы зерттеулер, қазіргі шығыстанудағы проблемалар мен үрдістер және жаңа зерттеу әдістері қалыптастырады.

Негізгі бағыт әлемде болып жатқан үрдістер мен қазіргі шығыстану ғылымының мәселелеріне арналған.

Докторантар Шығыс әлемін түсініп қана қоймай, ондағы үрдістерге баға бере отырып, шығыстану мен басқа гуманитарлық пәндердің арасындағы теориялық байланыстарды сараптай білу керек. Қазіргі шығыстану парадигмалары, дәстүрлі «Батыс» және «Отарлық» теориялардың шеңберінен шығып, тереңдей түсуде.

Бұл пән Шығысты зерттеудегі әлеуметтану мен гумманитарлық ғылымдардың маңыздылығын айқын дәлелдейді.

«Қазіргі шығыстанудың теориялық мәселелері» пәні Шығысты зерттеудегі әлеуметтік – гуманитарлық әдістерді қолдана отырып, ғаламдық үрдістегі Шығыстың орнын анықтауға арналған.

Пәннің мақсаттары мен міндеттері:

Пән мақсаты - докторанттарды қазіргі шығыстанудың негізгі мәселелері мен теориялық концепциялармен таныстыру, сол арқылы олардың компетенциялары мен бәскекелестіктерін арттыру.

Пән міндеттері:

- шығыстанушы - докторанттарда теориялық және ізденушілік негіздерін дамыту;
- шығыстану ғылымының негізгі теориялық концепцияларын жүйелі түрде меңгеру;
- доктаранттарда қазіргі шығыстанудың теориялық мәселелері бойынша нақты ғылыми ұғымдарды қалыптастыру мен ғылыми бағыттарын анықтау;
- ғылыми сараптама машықтарын қалыптастыру.

Зерттеу пәні Қазіргі шығыстанудың теориялары мен концепциялары.

Зерттеу объектісі шығыс елдері.

Пән негізгі тақырыптар мен зерттеулерге негізделген.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кіріспе

Шығыстану классикалық ғылым ретінде. Қазіргі шығыстанудың хронологиясы мен географиясы. 20-21 ғ. Басындағы Шығыстанудың саясаттанушылық және халықаралық негіздері. Аймақтану ғылымы және Шығыстану. Зерттеу әдістері мен зерттеу бағыттарының кеңейуі.

Қазіргі шығыстану және Батыстың геосаяси теориялары мен мектептері.

Батыс өркениетінің Евразия халықтарынан басымдылығы туралы /климаттық ерекшеліктеріне негізделе отырып/ геосаяси тезисі.

«Дисконтинуальдық белдеу» теориясы. Генетикалық агрессия, демократияны қабылдамау. Континентальды державалардың географиялық орналасуы және экспансионистік мақсаттары. Спикменнің «Әлемдік саясаттағы американдық стратегиясы» концепциясы. С. Хантингтонның «Өркениеттің басты қозғаушы күштері» теориясы. Маккиндер моделі.

Атлантизм идеясы. Д. Мейниг және оның «Евразия тарихындағы Хартленд және римленд» теориясы.

Шығыс пен Батыс қарама- қарсылығындағы геосаяси факторлар.

Шығыс пен Батыс антагонизмі. ХХ ғасырдың 40- 80 жж. Географиялық сана: өмір салты; кеңістік түсінігі; қоғамдық - саяси құрылымы. Теңіз державасының геосаясаты: Клаузевиц. Мэхэн, Хелфорд Маккиндер (1861-1947); Николас Джон Спикман (1893-1943). Континентальды державалар геосаясаты: Германия және геосаясат: Фридрих Ратцель және кайзерлік Германия; Карл Хаусхофер (1869-1946) және 1918-1945 жж. Германия. А. Хаусхофер, уақытпен алға басып келе жатқан неміс ұлты. География, геосаясат және соғыс. Екі дүние жүзілік соғыстың геосаяси факторлары; Шығыс пен Батыс қарама – қарсылығындағы геосаяси фактор; Геосаясат және дамушы елдердегі қақтығыстар. Геосаясат және геоэкономика: Экономикалық логика немесе география тұрғысындағы саяси логика; XXI ғасыр тоғысындағы геоэкономика әлем кілті.

Шығыстағы тарихи үрдістер және идеологиялық стереотиптер мәселелері.

Отарлыққа дейінгі шығыс қоғамы. Шығыстағы тарихи үрдістер. Неолиттік революция және өркениетті урбанизация процесстері/ ежелгі протомемлекеттер/, капитализмге дейінгі кезең (XVI-XVIII ғғ.) Отандық тарихнамадағы идеологиялық стререотиптер. Марксистік және тарихи материализм тұрғысындағы формациялық теориялар. Дәстүрлі Шығыс қоғамының құрылымдық трансформациялануы.

Қазіргі кездегі Шығыс жүйесіне қызығушылық және жеке тұлға теориясы.

60-70 жж. Шығыс ойына қызығушылық. Жаңа құндылықтар. Шығыс теорияларының ерекшеліктері. Жеке және рухани дамудың тиімді әдіссі мен концепциялары. Азиялық психология. Карл Юнг:шығыс психологиясы. Трансперсональдық тәжірибе. Андраш Андьял және оның теориясы

Қазіргі шығыстанудағы мәселелерді концептуалды шешу жолдары.

Қоғамның өркениеттік, діни – мәдени факторларының эволюциясы. Себептер мен салдарға сараптама. Әлеуметтік - экономикалық сараптама. Экономика және билік. Жеке меншік пен мемлекет. Отарлық қоғам және отарлық Шығыс. XIX ғасыр және XX ғасырдың бірінші ширегіндегі шығыстану ғылымы.. Қазіргі шығыстанудың концептуальдық құрылымы.

Қазіргі геосаясат теориясындағы Шығыс пен Батыс.

Қазіргі геосаясаттағы Шығыс пен Батыс. Шығыс пен Батыстың қарама – қарсылығындағы идеология мен геосаясат. Ядролық фактор. Шығыс елдерінің саяси дәстүрлерінің қалыптасуының ерекшеліктері.

Аймақтық қақтығыстар теориясы және Шығыс елдеріндегі халықаралық қатынастар.

Аймақтық қақтығыстар теориясы. Мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықтар. Коалициялар. Аймақтық субъектілер мен мемлекеттің ішкі әлеуметтік қайшылықтары. Аймақтық қақтығыстардың ерекшеліктері. Экономикалық, саяси, діни және идеологиялық қарама-қайшылықтар. Ұлттық-этникалық және діни қақтығыстар. Негізгі себептер. Этникалық шекаралардың әкімшілік шекаралармен сәйкессіздігі. Шекара дауы. Діни қайшылықтар. Әскери қақтығыстар.

Ислам және шығыстанудағы ұлттық концепциялар.

Қазіргі кездегі исламдағы адам құқы және өркениеттер диалогындағы діннің ролі. Ислам діні және әйел теңдігі. Ислам және қазіргі либеральдық концепциялар. Буддизм және христиандық дін. Батыс елдеріндегі мұсыломандық азшылықтың проблемалары.

Ислам и Европа мұсылмандар: қақтығыстың құқықтық, мәдени және саяси негіздер

Европадағы мұсылмандар мәселесі. Сирия дағдарысы және Европадағы миграция . Европадағы ұлттық біртектілік. Ультра – оңшыл ұлтшылдық және Европа мұсылмандары.

Қазіргі шығыстанудағы араб әлеміндегі халықаралық және аймақтық мәселелердің теориялық және практикаклық негіздері.

Таяу Шығыс мәселесі. Араб әлеміндегі негізгі проблемалар. Арабтық монархия және демократия. Араб мемлекеттерінің Лигасы ұйымы. Ортақ тіл мәселесі. Дін және мәдениет. Араб мемлекаеттерінің жіктелуі.

Африкатану - Шығыстанудың ғылыми саласы ретінде.

Африка танудың негізгі мәселелрі. Экономика, әлеуметтік – саяси мәселелер, тарих, құқық, қоғамдық ойдың дамуы, этнография, тіл, әдебиет, өнер. Африка танудағы негізгі теориялық мектептер. Марксистік және буржуазиялық бағыт. Африка тану – идеологиялық күрес алаңы. Африка тану және Шығыстану.

Жаһандану теориясы және Шығыстың жаһандануы.

«Шығыс - Батыс» жаһандану үрдісі тұсындағы дихотомдық түсінігі.

Шығыс түсінігіндегі универсализм және антиуниверсализм. «Шығыс - Батыс» негізіндегі жаһандану және антижаһандану.

Орталық Азия және шығыстық өркениеттік интеграция теориясы.

ОА жаңа геосаясат. Мәдени дәстүрлер болашағы және интеграция үрдістері. Өркениеттер байланысы. Негізгі механизмдері. Сараптамалық құрал. Тарихи дәстүр. Жаһандану тұсындағы өркениеттер байланысы және оның мәні.

Әлемдік тарихтағы Шығыс елдерінің тарихын түсіндірудегі фундаменталды бағыттар. К.Г. Юнг Шығыс пен Батыстың мәдени интеграциясы туралы.

Отандық шығыстану ғылымының дамуы мәселелері

Қазақстан және XXI ғасырдағы Шығыстану ғылымы. ҚР мен әлемдік Шығыстану ғылымының дамуындағы жаңа кезең. Шығыс елдеріндегі негізгі шығыстану мектептері. Шығыстану ғылымындағы прогрессивті бағыттың үстем болуы.

Шығыстану ғылымы және жаңа технологиялар. Шығыстану ғылымындағы ғылыми жобаларды жоспарлау мен болжау. Компьютерлік технология, интерактивті оқыту жүйесі.

Қазақстандағы қолданбалы, академиялық және университетік Шығыстану. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясындағы Шығыстану ғылымының дамуы.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІНІҢ ТІЗБЕСІ

1. «Дисконтинуальдық белдеу» теориясы. Агрессия генетикасы. Демократияны қабылдамау мәселелрі.
2. Әлемдік саясаттағы американдық стратегия.
3. Интеграция модельдері.
4. Шығыс пен Батыс қарама -қарсылығындағы геосаяси факторлар.
5. Шығыс елдерінің тарихи дамуы және идеологиялық стереотиптер.
6. Жеке және рухани дамудың концепциялары мен тиімді методикасы. Ел өз қалауынша.
7. Қоғамның өркениеттік, діни – мәдени дамуы туралы. Ел өз қалауынша.
8. Шығыс пен Батыс қарсылығындағы ядролық қару факторы. Ел өз қалауынша.
9. Шығыс елдеріндегі халықаралық қатынастар және аймақтық қақтығыстар. Ел өз қалауынша.
10. Посткеңістіктегі ұлттық – этникалық және діни қақтығыстар.
11. Қазіргі кездегі исламдық концепт.
12. Сириядағы дағдарыс және Европадағы миграциялық проблемалар.
13. Ұлттық біртектілік мәселесі.
14. Франциядағы ультра – оңшыл ұлтшылдық және мұсылмандар
15. Қазіргі араб әлеміндегі халықаралық және аймақтық мәселелер. Ел өз қалауынша.

СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІНІҢ ТІЗБЕСІ

1. Таяу Шығыс мәселесі.
2. Араб әлемінің дағдарысы. Ел өз қалауынша.
3. Араб монархиялары және демократия. Ел өз қалауынша.
4. Шығыс елдеріндегі халықаралық ұйымда . Ел өз қалауынша.
5. Шығыс елдеріндегі интеграция мәселлері. Ел өз қалауынша.
6. Шығыс елдеріндегі тіл, діл, дін, мәдениет ортақтығы. Ел өз қалауынша.
7. Африка тану – Шығыстанудың саласы ретінде.
8. Африка тану - идеологиялық күрес алаңы.
9. Жаһандану және Шығыстың жаһандануы. Ел өз қалауынша.
10. «Шығыс пен Батыс» концептіндегі жаһандану мен анти жаһандану
11. ОА және интеграция мәселелрі
12. ОА жаңа геосаясат. Ел өз қалауынша.
13. Жаһандану заманындағы өркениеттер байланысының мәні менсипаты.
14. ҚР мен шет елдегі шығыстану.
15. Зерттеу методологиясы.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІНІҢ ТІЗБЕСІ

1. Шығыс елдеріндегі мемлекеттік билік социологиясы мен саяси институттар.
2. Шығыстанудағы мәдениеттану.
3. Жаһандану заманындағы «Шығыс -Батыс» дихотомиясы.
4. Шығыстың дамуы туралы Батыс теориялары.
5. Өркениеттер теориясының негізгі сипаты.
6. Батыс және Шығыс мәдениеті. Салыстырмалы сараптама.
7. Ұлтаралық қақтығыстардың сипаты мен мәні.Ел өз қалауынша.
8. Шығыс елдеріндегі жаһанданудың даму ерекшеліктері. Ел өз қалауынша.
9. Европоцентризм және Шығыстану.
10. Шығыстанудың ұлттық концепциялары.
11. Қазіргі кезеңдегі Шығыстану мектептері
12. Қазақстандағы шығыстанудың дамуы.
13. Шығыс қоғамы және өркениет
14. Аймақтық интеграция теориясы мен түрлері
15. Шығыс елдеріндегі демократия мәселелері. Ел өз қалауынша.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Алаев Л. Б. История традиционного Востока с древнейших времён до начала XX века: учебное пособие/ Л.Б. Алаев. - М., 2004. – 380 с.
2. История отечественного востоковедения до середины XIX века. – М.: Наука, 1990. – 435 с.
3. История отечественного востоковедения с середины XIX века до 1917 года. – М.: Наука, 1997. – 536 с.
4. Алексеев В. М. Советская синология// Алексеев В.М. Наука о Востоке. Документы и статьи. М.: Наука, 1982. – С. 114-266.
5. Алпатов В. М. Изучение японского языка в России и СССР. – М.: Наука, 1989. – 192 с.
6. Алпатов В. М. Периодизация отечественного востоковедения // Восток. 1994, № 4. С. 11-28.
7. Из истории востоковедения на российском Дальнем Востоке. 1899-1937 гг. Документы и материалы. Владивосток: Приморская краевая организация Добровольного общества любителей книги России, 2000. – 256с.
8. Капица М. С. Востоковедение как российская наука. К 175-летию отечественного востоковедения// Восток, 1994, № 1. С. 5-10.
9. Конрад Н. И. Запад и Восток/ Н.И Конрад. - М.: Наука, 1972. – 496 с.
10. Спальвин, Е. Г. Очерки по истории русского востоковедения/ Е.Г. Спальвин. - М., 1956.
11. Шаститко П. М. События и судьбы. Из истории становления советского востоковедения/ П.М. Шаститко.- М.: Наука, 1985. – 135 с.
12. Концепции современного востоковедения. СПб.: КАРО, 2013. Ответственный редактор: Е. И. Зеленев, В. Касевич
13. Бартольд В. В. Работы по истории востоковедения. Сочинения. - М.: Восточная литература РАН, 2003. Т. 3.
14. Коротаев А.В., Халтурина Д.А. Современные тенденции мирового развития. - М: Либроком. 2009.
15. Микульский Д.В. Труды института практического востоковедения. М.: Восточная литература РАН, 2009.

Қосымша:

1. Востоковедное образование в университетах России. Материалы научно-методической конференции (Москва, 29-31 мая 2000 г.). М., ИСАА при МГУ им. М.В. Ломоносова. Востоковеды Москвы и Санкт-Петербурга. М.: Институт востоковедения РАН, 2000. – 290 с.
2. Востоковеды Москвы и Санкт-Петербурга. М.: Институт востоковедения РАН. 2000 – 290 с.
3. Вяткин Р. В., Апполинарий Васильевич Рудаков (к столетию со дня рождения)// «Народы Азии и Африки», 1971. № 4. С. 217.
4. Григорцевич С.С. Из истории отечественного востоковедения (Владивостокский Восточный институт в 1899-1916 гг.) // Советское востоковедение. М., 1957. № 4. С.131-140.

5. Громковская Л.Л., Кычанов Е.И., Николай Александрович Невский/ Л.Л. Громковская, Е.И. Кычанова. - М.: Наука. – 1978. – 216 с.

6. Ерасов, Б. С. Культура, религия и цивилизация на Востоке (очерки общей теории)/ Б.С. Ерасов. - М.: Наука, 1990. – 205 с.

7. Жизнь и труд посвятившие Корее: Российские корееведы 2-ой половины XX в. – М.: Первое Марта, 2004. – 276 с.

8. Итс, Р. Ф. Введение в этнографию: Учебное пособие/ Р.Ф. Итс. - Л.: Изд-во Ленинградского ун-та, 1974. – 160 с.

9. Календарные обычаи и обряды народов Восточной Азии. Годовой цикл. М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1989.- 360 с.

10. Касевич В.Б. Буддизм. Картина мира. Язык/ В.Б. Касевич. - СПб. : Петербургское востоковедение, 1996. – 288 с.

11. Касевич В.Б., Яхонтов С.Е. (ред.) Квантитативная типология языков Азии и Африки/ В.Б. Касевич С.Е., Яхонтов. - Л., 1982. – 331 с.

12. Кузнецова Н.А. , Кулагина Л.М. Из истории советского востоковедения. 1917-1967/ Кузнецова Н.А., Кулагина Л.М. – М.: Наука, 1970. – 251 с.

13. Куликова А. М. Российское востоковедение XIX века в лицах/ Куликова А.М. – СПб.: Петербургское востоковедение, 2001. – 192 с.

14. Куликова А. М. Становление университетского востоковедения в Петербурге / А.М. Куликова. - Изд-во «Наука», Глав. ред. восточной лит-ры, 1982. – 288 с.

15. Ларцев В., Е.Д. Поливанов: Страницы жизни и деятельности/ В. Ларцев. – М.: Наука, 1988. – 328 с.

16. Лебедева М.М. Мировая политика: Учебник для вузов/ М.М. Лебедева. - М.: Аспект пресс, 2003. – 352 с.

17. Маккиндер Х.Дж. Географическая ось истории// Классика геополитики, XX век: Сборник/ Сост. К. Королёв. М., 2003.

18. Малявин В. В. Китайская цивилизация/ В.В. Малявина. - М.: Астрель, 2000. – 627 с.

19. Милибанд С. Д. Востоковеды России: XX- начало XX1 в.: библиографический словарь: в 2 кн./ С.Д. Милибанд. - М.: Восточная литература, 2008. – 968 с.(1), 1004 с. (2).

20. Никифоров В. Н. Советские историки о проблемах Китая / В.Н. Никитин. М.: Наука, 1970. – 416 с.

21. Первый профессиональный японовед России. Опыт латвийско-российско-японского исследования жизни и деятельности Е.Г. Спальвина. – Владивосток.: Издательство ДВГУ. 2007. – 187 с.

22. Профессора Дальневосточного государственного университета. История и современность 1899-2005./ Дударёнок С.М., Ермакова Э.В., Поправко Е.А., Капран И.К. и др. – Владивосток: изд-во Дальневосточ. ун-та, 2009. – 584 с.

FPKSV 7201 ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И КОНЦЕПЦИИ СОВРЕМЕННОГО ВОСТОКОВЕДЕНИЯ

Объем - 3 кредита

(научное и педагогическое направление)

Авторы:

Надирова Г.Е.- доктор филологических наук, профессор кафедры Ближнего Востока и Южной Азии факультета востоковедения

Калиева Ш.С. - кандидат филологических наук, доцент кафедры Ближнего Востока и Южной Азии факультета востоковедения

Рецензенты:

Дербисали А.Б.- доктор филологических наук, профессор, директор института востоковедения им. Сулейменова Р.Б.АН РК

Сейтметова Ж.Р. - кандидат филологических наук, ст. преподаватель кафедры Ближнего Востока и Южной Азии факультета востоковедения Казахского национального университета им. аль-Фараби

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Курс «Фундаментальные проблемы и концепции современного востоковедения» является основополагающим в подготовке кадров по программе (PhD) специальности 6D020900 Востоковедение.

Освоение содержания и положений данной дисциплины предполагает предварительное изучения видов и характеров современных исторических процессов в странах Востока, а также особенностей традиционализма и модернизации восточных цивилизаций.

Востоковедение в момент своего зарождения опиралось на авторитет выдающихся ученых, изучавших конкретные страны Востока. Затем к концу XIX – началу XX в. стали складываться национальные востоковедные центры и школы. Наряду со страноведческой направленностью востоковедных исследований возникли мощные горизонтальные интеграционные тенденции формирования лингвистических, литературоведческих, исторических, этнографических, экономических, социологических и иных знаний о странах Азии и Африки.

Современное востоковедение – это междисциплинарная интегрирующая наука, ставящая задачу изучать в максимально широком феноменологическом спектре многообразие искусственных форм и социально обусловленных моделей поведения, творческой деятельности и уровней развития социумов азиатско-африканского пространственного ареала, рассматривая их социокультурное бытование в контексте научной парадигмы глобального взаимодействия культур и цивилизаций.

Для выполнения всех требований и задач, стоящих перед докторантами в ходе изучения данного курса знание восточного языка выбранного ими направления (страны) обязательно.

В ходе изучения данной дисциплины докторанты должны приобрести

знания

- о современных ориентирах развития востоковедения;
- о сути, характере и особенностях фундаментальных проблем современного востоковедения;
- о концепциях миросистемного анализа, глобалистики, модернизации в восточных обществах.

умения

- оценивать и сравнивать процессы, происходящие в странах Востока в контексте мировых цивилизаций;

